



## ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫН БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯ ТҮРІНДЕ (ОНЛАЙН) ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС НҰСҚАУЛЫҒЫ

Тіркеу

Тараз, 2025

© «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ зияткерлік меншігі болып табылады. Қайта басуға және/немесе үшінші тараптарға беруге тыйым салынады.

**АЛҒЫ СӨЗ**

<b>1. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:</b>	Ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры Кабдушев А.А.	 /колы/	11. 12. 2025 ж
	Ғылыми-зерттеу қызметі бөлімінің бастығы Шонғараева Ж.Т.	 /колы/	12. 12. 2025 ж
<b>2. ЕНГІЗГЕН</b>	Ғылым және коммерцияландыру департаменті		
<b>3. ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ</b>	3 жыл		
<b>4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ</b>	«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректорының «25» 05. 2023 ж. №194 бұйрығы		
<b>5. ТАРАТЫЛСЫН</b>	Университеттің диссертациялық кеңестеріне, Ғылым және коммерцияландыру департаментіне		
<b>6. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ</b>	«М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ « 19 » 12 2025 ж. Хаттама № 3 ФТК шешімімен		
<b>7. КЕЛІСІЛГЕН:</b>	Басқарма мүшесі – стратегиялық дамыту және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.	 /колы/	11. 12. 2025 ж
	Басқарма мүшесі - Ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор Орынбаев С.А.	 /колы/	12. 12. 2025 ж
	Персоналды басқару қызметінің басшысы Есмаханов Б.Ж.	 /колы/	12. 12. 2025 ж
	Заң қызметінің басшысы Қайназарова М.Б.	 /колы/	13. 12. 2025 ж
	Стратегиялық даму басқармасы басшысы Дарибаев Ж.Е.	 /колы/	12. 12. 2025 ж

Бұл құжатты «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара басып шығаруға, көбейтуге және таратуға болмайды.

## МАЗМҰНЫ

1. ҚОЛДАНУ АЯСЫ.....	4
2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....	4
3. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР .....	4
3.1 Негізгі ұғымдар .....	4
3.2 Негізгі қысқартулар .....	4
4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР .....	4
5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	5
6. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫН БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯ ТҮРІНДЕ (ОНЛАЙН) ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР .....	5
7. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫН БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯ ТҮРІНДЕ (ОНЛАЙН) ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ .....	6
8. ЖАСЫРЫН ДАУЫС БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ РӘСІМІ .....	7
Қосымша А. Танысу парағы .....	8
Қосымша Б. Өзгерістерді тіркеу парағы .....	9

## **1. ҚОЛДАНУ АЯСЫ**

1.1 Бұл нұсқаулық диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция түрінде (онлайн) ұйымдастыру тәртібін белгілеу мақсатында әзірленген және «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ диссертациялық кеңестерінің қызметінде қолданылады.

## **2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Үлгі ереже	ҚР Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 31 наурызда №126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже (ҚР Ғылым және жоғары білім Министрінің м.а. 2025 жылғы 20 тамызында №421 бұйрығымен енгізілген өзгертулерімен).
УСТ 01	«Құжатталған ақпаратты басқару» университет стандарты.
УСТ 02	«Құжаттар мен сапа менеджменті жүйесін құруға, баяндауға және рәсімдеуге қойылатын талаптар» университет стандарты.

## **3. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

### **3.1 Негізгі ұғымдар**

Осы ЖН келесі ұғымдар қолданылады:

<b>Диссертация</b>	философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор даярлаудың білім беру бағдарламасының аясында нақты мамандық бойынша Қазақстан Республикасында немесе шетелде қорғалған біліктілікті айқындайтын ғылыми жұмыс;
<b>Диссертациялық кеңес</b>	докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жанындағы алқалы органдар;

### **3.2 Негізгі қысқартулар**

Осы ЖН келесі қысқартулар қолданылады:

Университет	«М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ;
АРСҚ бөлімі	Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі;
ЖН	жұмыс нұсқаулығы;
ZOOM	шынайы уақыт режимінде бейнеконференция жүргізуге арналған онлайн платформа.
Gmail аккаунт	жасырын дауыс беру рәсіміне қатысу үшін Gmail пошта қызметінде ашылған электрондық пошта жәшігі;
Google Forms	Google платформасында жасалған жасырын дауыс беруге арналған электрондық бюллетень.

## **4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР**

4.1 Осы ҚЕ Ғылыми-техникалық кеңес шешімімен бекітілді.

4.2 Осы құжаттың енгізілуі бойынша жауапкершілік Басқарма мүшесі – Ғылым және цифрландыру жөніндегі проректорға жүктеледі.

4.3 Осы құжаттың УСТ 01 «Құжатталған ақпаратты басқару» талаптарына сәйкестігіне құжатты әзірлеуші жауапты.

4.4 Осы рәсімге жетекші әрі оны басқаруға жауапты тұлға Басқарма Мүшесі – Ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор болып табылады.

4.5 Үрдістің нақты кезеңдерін жүзеге асыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және үйлестіру, құжаттаманы басқару және түпкілікті нәтижелердің сапасы үшін жауапкершілік бөлімшелердің басшыларына, сондай-ақ белгілі бір кезеңді жүзеге асыруға қатысушылар болып табылатын лауазымды тұлғаларға жүктеледі.

4.6 Бөлімшеде орналасқан осы құжаттың сақталуына және рұқсатсыз көшірілуіне, сондай-ақ қызметтік ақпараттың тарап кетуіне бөлімше басшылары жауапты болады.

4.7 Осы құжатты әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу УСТ 01 құжатына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

4.8 Осы құжаттың бекітілуі тиісті лауазымды тұлғалармен жүзеге асырылады.

4.9 Түпнұсқаны университеттің аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беруге әзірлеуші жауапты.

4.10 Осы құжаттың есептік жұмыс көшірмелері осы үрдістің қатысушылары болып табылатын университеттің тиісті құрылымдарына жіберіледі. Аталған құжатты көбейту жауапкершілігі «Dulaty University» баспасының директорына жүктеледі.

4.11 Түпнұсқалардың сақталуына университеттің аккредиттеу және сапаны қамтамасыз ету бөлімі жауапты.

## **5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

5.1 Жұмыс нұсқаулығы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 9 қаңтардағы №7 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) талаптарына сәйкес әзірленді.

5.2 Осы нұсқаулықтың міндеттері ретінде диссертациялық кеңестің отырысын бейнеконференция түрінде (онлайн) ұйымдастыру жұмысын, оның ішінде диссертацияларды қорғау және кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беру тәртібін анықтау болып табылады.

## **6. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫН БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯ ТҮРІНДЕ (ОНЛАЙН) ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР**

6.1 Диссертацияны қорғау бойынша диссертациялық кеңестің бейнеконференция түріндегі (онлайн) отырысы қолжетімді онлайн платформалардың (ZOOM, Microsoft Teams және т.б.) бірінің негізінде өткізіледі.

6.2 Диссертациялық кеңес бейнеконференция түріндегі жоспарланған кеңес отырысы туралы ақпаратты докторантқа, диссертациялық кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге электрондық пошта немесе басқа байланыс құралдары (WhatsApp, университет сайтында орналастыру арқылы) диссертация қорғауға дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауы керек.

6.3 Бейнеконференция түріндегі диссертациялық кеңес отырысына қатысу үшін диссертациялық кеңестің барлық мүшелері, ғылыми кеңесшілер, ресми рецензенттер және докторанттар веб-камера, динамиктер (құлаққаптар), микрофоны бар дербес компьютерлердің болуын қамтамасыз етуі және ZOOM бағдарламалық құралын жеке компьютерлерінде алдын ала орнатуы керек. Жиналысқа міндетті түрде қатысатын тұлғалардың ұялы телефонды пайдаланбағаны жөн.

6.4 Дауыс беру құқығы бар диссертациялық кеңес мүшелері (ғылыми кеңесшілерді қоспағанда) жасырын дауыс беру рәсіміне қатысу үшін Gmail akkaунтын құруы керек.

6.5 Диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция түрінде өткізу кезінде шынайы уақыт режимінде отырыс барысын интернетте үздіксіз бейне және аудио трансляция жасап отыру қажет.

6.6 Диссертациялық кеңес отырысының алдында ғалым хатшы мен докторант онлайн отырыс барысында барлық қажетті құжаттардың бар-жоғын және оларды трансляциялауға дайындығын тексереді: докторант туралы ақпарат, баяндаманың презентациясы, пікірлердің электрондық нұсқалары, докторанттың пікірлерге берген жауаптары, қорытындының жобасы және т.б.

6.7 Отырыс басталар алдында ғалым хатшы докторант пен диссертациялық кеңес мүшелерінің жеке басын түгендейді. Докторант академиялық адалдық принциптерін сақтауға жауапты: хабар тарату жүргізілетін бөлмеде рұқсат етілмеген адамдардың және қосымша электрондық құрылғылардың болуына жол бермеу керек.

6.8 Онлайн отырысқа қосылу кезінде диссертациялық кеңес мүшелері, ғылыми кеңесшілер, ресми рецензенттер және отырысқа басқа да қатысушылар алдын ала аты-жөні көрсетілген трансляциялық бейнені қамтамасыз ететіндей бейнекамераларды қосуы керек (яғни жүйеге кіру қажет).

6.9 Ғалым хатшы мен докторант бағдарламаның тиісті функционалын пайдалана отырып қорғаудың бейнежазбасын қамтамасыз етеді. Бірнеше дербес компьютерде бір уақытта жазу ұсынылады. Мұны істеу үшін ғалым хатшы мен докторант компьютерлеріне монитор экранын түсіруге арналған бағдарламаны (мысалы, Ispring Free Cam (<https://www.ispring-free-cam>) орнатулары қажет, және оны ғалым хатшы қорғау барысында іске қосып қоюы керек.

6.10 Онлайн отырыс барысында барлық қатысушыларға тәртіп пен тыныштықты сақтау ұсынылады. Микрофонды қосу тек бір баяндамашыға ғана рұқсат етіледі. Сұрақ қойғысы келетіндер ZOOM бағдарламасының «қол көтеру» функциясын пайдалануы керек.

6.11 Ғалым хатшы мен докторант кеңес отырысының толық сапалы бейне және аудио жазбасын жасауы керек.

## **7. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫН БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯ ТҮРІНДЕ (ОНЛАЙН) ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

7.1 Жиналыс төрағасының диссертациялық кеңес кворумын анықтауы, отырысты өткізудің толық құзіреттелеген растауы, білім беру бағдарламасын, диссертация тақырыбын көрсете отырып, докторантты, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттерді таныстыруы.

7.2 Докторанттың жеке ісінде бар құжаттар тізбесін және диссертациялық кеңеске ұсынылған құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігін жариялау туралы ғалым хатшының сөзі.

7.3 Докторанттың баяндамасы (диссертацияның негізгі мазмұны мен негізгі ережелерін баяндау), бейне көрсетіліммен сүйемелдеу.

7.4 Жиналысқа қатысушылардың сұрақтары және оларға докторанттың жауаптары.

7.5 Ғылыми кеңесшілердің баяндамалары. Шетелдік кеңесші болмаған жағдайда ғалым хатшының пікірді оқып беруі. Экранда пікірдің электрондық нұсқасының көрсетілуі.

7.6 Ресми рецензенттердің баяндамалары. Ресми рецензенттердің бірі дәлелді себептермен болмаған жағдайда, оның пікірінің электрондық нұсқасын экранда көрсете отырып, ғалым хатшының оқып беруі.

7.7 Ресми рецензенттердің ескертулеріне докторанттың жауаптары және олардың ұсыныстары бойынша қорытындылары.

7.8 Бейресми пікірлерді (болған жағдайда) ғалым хатшының экранда олардың электрондық нұсқаларын көрсете отырып хабарлауы.

7.9 Диссертациялық кеңес отырысына қатысушылардың талқылауы.

7.10 Төрағаның жасырын дауыс беру рәсімінің басталғаны туралы хабарламасы.

7.11 Ғалым хатшының дауыс беруге құқығы бар диссертациялық кеңес мүшелеріне және ресми рецензенттерге Google Forms-тегі бюллетеньдерге Gmail-дегі электрондық пошта мекенжайларына электрондық сілтемені таратуы.

7.12 Ғалым хатшыдан Gmail электрондық поштасы арқылы алынған сілтеме бойынша GoogleForms жүйесінде диссертациялық кеңес мүшелерінің және ресми рецензенттердің дауыс беруі.

7.13 Ғалым хатшының жасырын дауыс беру нәтижелерін жариялауы және оларды компьютер мониторларының экранында көрсету.

7.14 Диссертациялық жұмыс бойынша диссертациялық кеңестің қорытындысын дайындау және қабылдау. Ғалым хатшының қорытынды жобасының электрондық нұсқасын және біліктілік тармақтарын көрсетуін қамтамасыз ету. Пікірді қабылдау ашық дауыс беру арқылы, қарапайым көпшілік дауыспен жүзеге асырылады.

## **8. ЖАСЫРЫН ДАУЫС БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ РӘСІМІ**

8.1 Диссертациялық кеңестің отырысы бейнеконференция түрінде өткен жағдайда диссертация бойынша шешім қабылдау үшін жасырын дауыс беру Google Forms көмегімен жүзеге асырылады.

8.2 Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы қорғау алдында әрбір докторант үшін GoogleForms жасайды.

8.3 Дауыс беру құқығы бар диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттер қорғау басталғанға дейін Gmail аккаунтындағы браузерлердің (Mozilla, Chrome, Opera) бірінде жеке компьютеріне кіріп, браузерді бейнеконференция жүріп жатқан бүкіл қорғау уақыты бойы жаппауы керек.

8.4 Дауыс беру құқығы бар диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттер жасырын дауыс беру рәсіміне қатысу үшін Gmail электрондық пошта қызметінде алдын ала аккаунт құруы қажет.

8.5 Отырыс басталар алдында дауыс беруге қатысушылар диссертациялық кеңестің ғалым хатшысына Gmail электрондық пошта мекенжайларын берулері керек.

8.6 Жиналыс төрағасы жасырын дауыс беру рәсімінің басталғанын жариялағаннан кейін, ғалым хатшы дауыс беру құқығы бар диссертациялық кеңес мүшелерінің және ресми рецензенттердің Gmail электрондық мекенжайларына Google Forms сілтемесін жібереді.

8.7 Жасырын дауыс беру рәсімі аяқталғаннан кейін ғалым хатшы оның нәтижелерін монитор экранында көрсетеді және оларды жариялайды.



